

Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Келес ауданы Ұшқын ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 6 ақпандағы № 6 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 7 ақпанда № 6237-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 қазандағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Келес ауданы Ұшқын ауылдық округінің Достық ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) № 1 атауы жоқ көшеге – Түркістан көшесі;
- 2) № 2 атауы жоқ көшеге – Ыбырай Алтынсарин көшесі;
- 3) № 3 атауы жоқ көшеге – Жәңгірхан көшесі;
- 4) № 4 атауы жоқ көшеге – Ахмет Байтұрсынұлы көшесі;
- 5) № 5 атауы жоқ көшеге – Ұлы Дала көшесі;
- 6) № 6 атауы жоқ көшеге – Мұстафа Шоқай көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. Байдосов